



Лексикалық тақырып: *Түрік қағанаты*

Грамматикалық тақырып: *Үстеу*

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Түрік қағанаты. «Түрік» деген ат алғаш рет 542 жылы аталады. Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған, мұның өзі түріктердің ғұн тайпаларының жалғасы екенін көрсетеді. 546 жылы тирек (телэ) тайпалары Моңғолияның оңтүстік және орталық аудандарын мекендеген аварларға (жкань-жуань) қарсы жорық жасайды. Осы кезде күтпеген жерден түріктердің қағаны Тумынның (Бумын) басқаруымен түріктер телэ әскерлеріне шабуыл жасап, жеңіп, 50 мың әскерін тұтқынға алады. Осыдан кейін түріктер күшейіп, енді бұрын өздері тәуелді болып келген аварларға (жуань-жуань) қарсы шығады. 552 жылы көктемде түріктер аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды жеңеді, авардың қағаны Анағұй өзін-өзі өлтіреді. Осы кезден бастап Бумын түрік қаған деген атағын алады.

Бумын 553 жылы қайтыс болады.

Бумын өлгеннен кейін, таққа оның інісі Қара-Еске отырады. Ол Орхонның жоғарғы жағында аварларды екінші рет жеңеді. Қара-Ескеден кейін, оның мұрагері інісі Еркінді-Мұқан деген атпен қаған болады. Оның ел билеген кезі 553–572 жылдар. Мұқанның тұсында аз уақыт ішінде (553–554 жж) түріктер шығыста қайлар, қидандар және оғыз-татар тайпаларын, солтүстікте Енесей қырғыздарын, Жетісу жеріндегі түргенттерді өздеріне қаратты. Бұл жылдары түріктердің батысқа қарай жасаған жорықтары күшті болды. Оларды Тумынның басқа бір інісі Естемі жүргізді. Кейін тарихи деректерде оны Батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін қалаушы деп атайды. 563 жылы Түрік қағаны Силзибул (Естемі) Эфталит мемлекетін басып алуға кіріседі. 571 жылы Естемі қаған Солтүстік Кавказды басып алды, сөйтіп Керчь түбегіне (Боспорға) шықты. Оның баласы Түріксан Кертті басып алып, 576 жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Естемі өлгеннен кейін, 582–593 жылдары Түрік қағанатында билік үшін қырқыс басталды. Өз ішіндегі алауыздық пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Елде мал індеттері, жұттар мен ашаршылық орын алды. Түрік қағанаты шекараларына шығыстан Қытайдың Сүй әулетінің (581–618 жж.) шабуылы күшейді. Бұл жағдайлардың барлығы 603 жылы Түрік мемлекетінің екі дербес қағанатқа – Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінуімен аяқталды.

Батыс Түрік қағанаты (603–704 жж.)

Батыс Түрік қағанаты. Аумағы Алтайдан Тянь-Шаньға дейін, Шығыс Түркістаннан Каспийге дейін созылады. Астанасы – Суяб қаласы. Қағанат құрамындағы тайпалар: қаңлы, үйсін, дулат, түркеш, қыпшақ, қарлұқ т. б. Шаруашылығы. Көшпелі мал шаруашылығымен, суармалы егіншілікпен айналысты. «Ұлы Жібек жолының» Батыс Түрік қағанаты жерінен өткендігі сауда мен қолөнердің дамуына әсер етті.

Басқару жүйесі. Мемлекетті қаған басқарды. Қағанның әулеті жоғары тұрды. Олар янғу, шад, тегін сияқты жоғары лауазымдарға ие болды. Билік мұрагерлікпен беріліп отырды. Қағанат он тайпаға бөлінеді.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Мәтінмен жұмыс жасаңыз.

2. Мәтін мазмұнындағы мына сөздер мен сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз:

- «Түрік» деген ат алғаш рет 542 жылы аталады;
- Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған, мұның өзі түріктердің ғұн тайпаларының жалғасы екенін көрсетеді;
- Түрік қағанатында билік үшін қырқыс басталды;
- 603 жылы Түрік мемлекетінің екі дербес қағанатқа – Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінеді.

3. Мәтіндегі терминдерді теріп жазыңыз.

4. Мәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Түрік қағанаты қай жылы құрылды?
2. Бумын түрік қағаны атағын қалай иеленді?
3. Қара-Еске қай жылдары билік құрды?
4. Қай жылы қай қаған Солтүстік Кавказды басып алды.?
5. Түрік қағанаты қай жылдары бөлінді?
6. Батыс Түрік қағанаты туралы не білесіз?
7. Батыс Түрік қағанаты құрамындағы тайпалар қандай кәсіппен айналысты?
8. Еркінді-Мұқан қағанның ел билеген уақытында түріктер кімдерді өздеріне қаратты?

5. Мына үстеу сөздердің синонимін табыңыз.

ерте, барша, әдейі, ілгері, дәйім, босқа, абайсызда.

6. Мәтіндегі үстеулерді тауып, түрлерін анықтаңыз, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

«Менің Отаным – Қазақстан»

Кеңсің дала
Туған ана,
Көйлегің кең көк ала
Жан беретін
Тән беретін
Мейірімді ана сен ғана.

С.Сейфуллин.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әр біріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент.

Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Бестөбе кентінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және бала-бақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын. Иә... Туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіздүрсілі естіледі. Қазір бойжеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін

балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгінгі мен болашағымын.

7. Төменде берілген үстеулерден сөйлем құраңыз.

Ұдайы, жата-жастана, қазір, ерте, әбден, керісінше, бұрындау, әрең, батырларша, ішкері, артта, әуел баста, күнімен, ежелден, осылайша, екеулеп, шетінен.

8. Берілген сұрақтарды топ болып талқылаңыздар.

1. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына не қажет деп ойлайсыз?
2. «Жер тағдыры-ел тағдыры» деген сөзді қалай түсінесіз?
3. Өлі тілдерге қандай тілдер жатады?
4. Тілді сақтау үшін не керек деп ойлайсыз?

9. Төменде берілген үстеулерді мағынасына қарай топтастырыңыз.

Амалсыздан, қасақана, үйді-үйіне, нағыз, тікелей, қайыра, анағұрлым, бостан-босқа, жоққа, тең-теңімен, әуел баста, бүрсігүні, кері, кейде, тысқары, ала жаздай, мұнда, бірен-саран, бірталай, рет-ретімен, әлдеқашан, күндіз.

Мезгіл үстеу	Мекен үстеу	Мөлшер үстеу	Сын (бейне) үстеу	Күшейту үстеуі	Мақсат үстеуі	Себеп-салдар үстеуі	Топтау үстеуі
<i>М: бүгін</i>	<i>М: жоғары</i>	<i>М: соншалық</i>	<i>М: өзінше</i>	<i>М. орасан</i>	<i>М: жорта</i>	<i>М. бекерге</i>	<i>М: Алды-алдына</i>

10. Мына шағын мәтін бойынша жұмыс жасаңыз.

- мәтінді мәнерлеп оқыңыз
- мәтін бойынша жоспар құрыңыз
- мәтін бойынша сұрақтар құрыңыз
- мәтін мазмұнын баяндаңыз

«Түрік» этнонимінің алғаш рет аталуы қытай жылнамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді ғұндардың ұрпақтары деп санаған. Шежірелерде бұл кезде қытайдың Вэй князьдігінің солтүстік өңірлеріне солтүстік-батыс жақтың бірінен келген түріктер жыл сайын шапқыншылық жасап, ойрандап кететін болды деп хабарланады. Олар туралы келесі бір мәліметтер бүкіл құрлықтағы тарихтың талай ғасырлар бойғы дамуына өзек болған оқиғаларға байланысты.

546 жылы тирек тайпалары қазіргі Моңғолияның оңтүстігі мен орталық бөліктерін мекендеген және бұл жерлерге үстемдік еткен аварларға (Жуань-жуань) қарсы жорық жасайды. Батыс жақтан қаптай енген тиректер армиясының сан жағынан қаншалықты көп болғаны белгісіз, бірақ олардың нәпірі сұсты болған деп топшыланады, өйткені тиректердің құрамына көптеген тайпалар енген, ал олардың қуатты аварларға аз күштермен қарсы тұра алуы екіталай еді. Түрік қағаны Бумын күтпеген жерден қатты шабуыл жасай отырып, бейберекет жатқан тирек армиясын қапылыста басып, кескілескен шайқастан кейін оны күйрете жеңеді де, тиректердің 50 мыңнан астам әскерін түріктер тұтқынға алады. Даланың әдеттегі құқығының қағидаларына сәйкес тұтқынға алынған әскерлер өзінен-өзі жеңушінің армиясына қосып алынатын еді. Осы кезден бастап, бұрын аварларға вассалдық тәуелділікте болған түріктер енді олардың бәсекелестеріне айналады. Мұның бір көрінісі авар қағанына келіп, авар қағаны үйінің ханшасын Бумынға әйелдікке бер деп үзілді-кесілді талап еткен

түрік елшілігі болды. Мұның өзі қағанмен тең құқықтылығын көрсетуден гөрі оны басынғандық еді. Авар қағаны Анағұй: «Маған бас иетін — вассал. Бұлай деуге қайтіп дәтің барды?» деп Бумынға жаушыларын жібереді. Бірақ аварлар қалыптаса бастаған Түрік қағанатының күшін бағалай алмады, ал түріктер тарапынан мұның өзі осылай болуға тиіс деп дұрыс ойластырылған әдіс қана болатын. Енді бұрынғы вассалдардың бұрынғы билеушілеріне қарсы соғыс ашуға дәлелі табылады. 552 жылы көктемде түріктер аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды күйрете жеңгені соншалық, Анағұй өзін өзі өлтіреді. Осы кезден бастап түрік билеп-төстеушілері қағандар атағын алады, сөйтіп аварлардың бұрынғы күш-қуатына да, олардың барлық иеліктеріне де өзін мұрагер ретінде орнықтырады. Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырады, оның бастауымен түріктер Орхонның жоғары жағында бір жердегі Бұқрат (Мула) тауларында аварларды екінші рет жеңеді.

Интернеттен

11. Мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Еңбегіне қарай - құрмет,

... .. -

2. Еңбегіне қарай табысы,

... ..

3. Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады.

Еңбегің қатты болса,

4. Еңбек адамның көркі,

... ..

5. Еңбек — ата, ... -

6. Еңбек бейнет емес ,

7. Еңбекке бейім болсаң,

... ..

8. Еңбек ерлікке жеткізер, .

... ..

9. Еңбек етпей елге өкпелеме,

... ..

10. Еңбек ет те мактан,

... ..

Керекті сөздер: қатарынан кейін болмайсың, Ерлігіне қарай дабысы, татқаның тәтті болады, зейнет, жер - ана, Ерлік елдікке жеткізер, Адам заманның көркі, Егін екпей жерге өкпелеме, Ойнап күл де шаттан, Жасына қарай - ізет.

12. Тест тапсырмалары

1. Үстеулердің ішінде орын таңдамайтыны...

- A) мекен үстеу
- B) мақсат үстеу
- C) мезгіл үстеу
- D) сын үстеу
- E) мәлшер үстеу

2. Үстеудің сөйлемдегі қызметі...

- A) бастауыш
- B) анықтауыш
- C) пысықтауыш
- D) толықтауыш

Е) баяндауыш

3. Үстеулердің мағыналық тобы қанша?

- A) 19
- B) 12
- C) 6
- D) 8
- E) 2

4. Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеуді көрсетіңіз:

- A) бірге
- B) абайсызда
- C) төтеден
- D) ретімен
- E) әрең

5. Құрылысы мен құрамы жағынан туынды үстеулер нешеге бөлінеді?

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

6. Негізгі үстеуді көрсетіңіз:

- A) ерте
- B) әзірге
- C) әншейін
- D) адамша
- E) ертеңгісін

13. Өлеңді мәнерлеп оқып, түсініп алыңыз.

Абай Құнанбаев

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы — бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Мұхтар Омарханұлы Әуезов — ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы.

Жазушы 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау деген жерде туды. 1908 жылы Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп, орыс мектебіне түсіреді. Оның тұңғыш күрделі шығармасы – «Еңлік-Кебек» драмасы

М.Әуезов қазақ әдебиетінде драматургия жанрының негізін салушылардың бірі болды. «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Түнгі сарын», «Ақ қайың», «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында» сияқты шығармаларында кеңес адамдарының жаңа өмір қалпын, жасампаз еңбегін бейнелейді. Осы салаға ерекше көңіл бөліп, қаламгерлік жолының әр кезеңінде бас-аяғы жиырмаға жуық пьеса жазды.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы- бүкіл кеңес әдебиетінің аса көрнекті шығармасы. Романның идеялық- көркемдік биік жетістігін жер жүзінің прогресшіл әдебиет, өнер қайраткерлері жоғары бағалады. Дүние жүзінің отыздан астам тіліне аударылып жарық көрген бұл шығарма миллиондаған оқырманды сусындатып, оларға ұлы Абайды, Абай арқылы қазақ халқын паш етті.

М.Әуезов — тек қана жазушы емес, қазақ әдебиет ғылымының ірі теоретигі, абайтанудың негізін салушы. Ол түркі тілдері әдебиетінің тарихы жөнінде терең ғылыми зерттеулер жасады.

Оның қаламынан әлемдік және орыстың тамаша классикалық әдебиетінің, бауырлас халықтар әдебиетінің танымал шығармаларының тәржімелері туды.